

**"Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 145 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 қыркүйектегі № 1089 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 20 маусымдағы № 489 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 20.06.2023 № 489 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1. "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 145 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 20-21, 152-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:**

көрсетілген қаулымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын

**2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикалық  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 23 қыркүйектегі  
№ 1039 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2010 жылғы 1 наурыздағы  
№ 145 қаулысымен  
бекітілген

**Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі**

P/c №	Тауардың атауы

1	Бірінші сортты бидай ұны
2	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны
3	Макарон өнімдері: вермишель, рожки, кеспе
4	Жармалар: қарақұмық, сұлы, ұнтақ, арпа және тары
5	Тазартылған күріш
6	Картоп
7	Жаңа піскен көкөністер: асханалық сәбіз, басты пияз, ақ қауданды қырыққабат, асханалық қызылша
8	Ақ қант - құмшекер
9	Өсімдік майы - күнбағыс майы
10	Ет: сиыр еті (жауырын-төс бөлігі), қой еті сүйектерімен, тауық еті, тауық саны
11	Сүт: пастерленген, майлылығы 2,5% және 3,2%
12	Айран: майлылығы 2,5% және 3,2%
13	Сүзбе: майлылығы 5-9%
14	Мәйекті қатты ірімшік
15	Сары май: - тұздалмаған, майлылығы 72,5% кем емес, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ; - өсімдік-сары, сүт майы 49% дейін (спрэд)
16	I-II санатты тауық жұмыртқасы
17	Ас тұзы ("Экстра"-дан басқа)
18	Шай - кара, түйіршіктелген